



«БЕКІТЕМІН»  
 КР ҒЖБМ «ҰЛТЫҚ тестілеу  
 орталығы» РМҚК директоры  
 Р. Т. Емелбаев  
 « 23 » 2023 ж.

**«Педагог-психологтарға арналған психология» пәні бойынша  
 Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы  
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- Мақсаты:** жалпы орта білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарында жұмыс істейтін педагог-психологтерді аттестаттау барысында Педагог-психологтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.
- Міндеті:** Педагогтердің білім деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- Мазмұны:** «Педагог-психологтарға арналған психология» пәні бойынша оку бағдарламасына сәйкес оку материалдары енгізілген.

<b>№</b>	<b>Тақырып</b>	<b>№</b>	<b>Тақырыпша</b>	<b>Оқыту мақсаттары</b>
01	Педагогикалық психология мазмұны	01	Педагогикалық психологияның міндеттері. Зерттеу әдістері	Қазіргі білім беру процесінің негізгі заңдылықтарын менгеру. Оқу процесінің негізгі процестері мен заңдылықтарын, оқыту мән тәрбиелеуді үйімдастырудың стратегияларын білу
		02	Педагогикалық психологияның әдіснамалық негізі	
02	Білім берудегі когнитивті психология	03	Таным процесстері. Қабылдау және түйсік. Зейін, ес, ойлау, киял, тіл	Негізгі теориялық ұйымдарды, психологиялық заңдылықтар мен білім берудегі танымдық процестердің механизмдерін білу
03	Тұлға. Тұлғаның әлеуметтену психологиясы	04	Темперамент және мінез акцентуациясы	Тұлға психологиясының негізгі теориялық және әдіснамалық мәселелерімен танысу. Адамның жеке психологиялық қасиеттерін (темперамент, мінез, қабілет), реттеуші (эмоционалды-ерікті, мотивациялық) механизмдерді, бағдарлау мен өзін-өзі тануды зерттеу
		05	Психологиялық жана құрылымдар	
		06	Мотивация (тұртқі) және үлгерім	
		07	Сезім және эмоция	
		08	Тұлғаның ортамен өзара қарым-қатынастары. Дау- дамайлар психологиясы	
04	Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет. Құрылымы, мақсат міндеттері	09	Психологиялық диагностика	Білім беру жүйесінің психологиялық қызметін үйімдастырудың білімдері мен дағдылары жүйесін менгеру. Білім беру ұйымдарындағы практикалық мәселелерді шешу дағдыларын жетілдіру
		10	Психологиялық түзету және дамыту	
		11	Психологиялық кеңес	
		12	Психологиялық ағарту және алдын алу	
		13	«Тәуекел тобы», «Қын балалармен жұмыс»	
05	Жас ерекшелік психологиясы	14	Жеке тұлғаның даму кезендері (жіктемесі)	Жас ерекшеліктерін зерттеуге ықпал ететін психологиялық түсініктер мен категориялардың кешенін игеру
		15	Бала дамуының негізгі дағдарыстары	
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).				

#### **4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

Пәнді оқып-үйренудің мақсаты – казіргі білім беру процесінің негізгі заңдылықтарын менгеру. «*Педагогикалық психологиясы*» пәні бойынша тапсырманың мазмұнын сипаттау:

1. Білім беру психологиясының теориялық және әдіснамалық негіздерін қарастыру
2. Білім беру психологиясының негізгі категорияларын зерттеу
3. Оку процесінің негізгі процестері мен заңдылықтарын, оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың стратегияларын оқып білу.

Пәнді оқып-үйренудің мақсаты – негізгі теориялық ұғымдарды, психологиялық заңдылықтар мен білім берудегі танымдық процестердің механизмдерін білу. «*Оқытудағы когнитивті психология*» пәні бойынша тапсырманың мазмұнын сипаттау

1. Танымдық процестер психологиясының негізгі мәселелерін қарастыру;
2. Когнитивті психологияның негізгі түсініктерін зерттеу;
3. Оқытудағы танымдық процестердің ерекшеліктерін зерттеу.

Пәнді оқып-үйренудің мақсаты – тұлға психологиясының негізгі теориялық және әдіснамалық мәселелерімен танысу. «*Тұлға психологиясы*» пәні бойынша тапсырманың мазмұнын сипаттау:

1. Тұлғаның негізгі психологиялық теориялары мен тұжырымдамаларын зерттеу;
2. Тұлғаның құрылымдық компоненттері мен салаларын зерттеу;
3. Адамның жеке психологиялық қасиеттерін (темперамент, мінез, қабілет), реттеуші (эмоционалды-ерікті, мотивациялық) механизмдерді, бағдарлау мен өзін-өзі тануды зерттеу.

Пәнді оқып-үйренудің мақсаты – білім беру жүйесінің психологиялық қызметін ұйымдастырудың білімдері мен дағдылары жүйесін менгеру. «*Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет*» пәнінің мазмұнына сипаттама.

1. Білім беруді ұйымдастырудың психолог қызметінің негізгі бағыттары мен мазмұнын зерттеу;
2. Білім беру психологиясының мәселелерін шешудің негізгі әдістемелік тәсілдерін зерттеу;
3. Білім беру ұйымдарындағы практикалық мәселелерді шешу дағдыларын менгеру.

Пәнді оқып-білудің мақсаты – жас ерекшеліктерін зерттеуге ықпал ететін психологиялық түсініктер мен категориялардың кешенін игеру. «*Даму психологиясы*» пәнінің мазмұнына сипаттама

1. Даму психологиясының негізгі категорияларын зерттеу;
2. Әр жас кезеңіндегі психикалық дамудың заңдылықтарын зерттеу;
3. Тұлға дамуының әр түрлі жас кезеңдеріндегі психикалық дамуды диагностикалау әдістерін менгеру.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы:** Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 26 %; орташа деңгейде (B) – 60 %; жоғары деңгейде (C) – 14 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары карапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең тәменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, карапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда карапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары негұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты тандауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

**8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орында маған тапсырмада – 0 балл алады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу күралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».
2. «Жалпы психология» Ә. Алдамұратов, Алматы: Білім, 1996 г.
3. «Психология: Общие основы психологии» Немов Р.С., Москва, 2013 г.
4. «Психология негіздері» Қ. Б. Жарықбаев, Алматы, 2005 ж.
5. «Жантану негіздері» Қ.Б. Жарықбаев, Алматы, 2005 ж.
6. «Педагогикалық психология» Зимняя И. А., Алматы, 2007 г.
7. «Жалпы психологияға кіріспе» С. М. Жақыпов, Алматы: Қазақ университеті, 2007 ж.
8. «Тәрбие психологиясы» Ж.Түрікпенұлы, Б.Мұздыбаева, Алматы, 2008 ж.
9. Психология: Энциклопедиялық сөздік./ Бас ред. Б.Ә. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.
10. Даму психологиясы: Оқулық / М.К. Бапаева. – Алматы: 2014. – 440 бет.

**«КЕЛІСІЛДІ»**

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Орта білім беру комитеті

*Балык*

\_\_\_\_\_  
(қолы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә)  
«13 » 02 2023 ж.

*Жабынх*

*— АР*

*Фитансұл*

*Д*